

өткізілген күннен бастап он күндік мерзімде осы қаулыны және Қазақстан Республикасында төлем карточкаларын шығару және пайдалану ережесіне өзгерістер мен толықтыруларды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі орталық аппаратының мүдделі бөлімшелеріне және аумақтық филиалдарына жіберсін.

4. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің аумақтық филиалдары

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап он төрт күндік мерзімде осы қаулыны және Қазақстан Республикасында төлем карточкаларын шығару және пайдалану ережесіне өзгерістер мен толықтыруларды екінші деңгейдегі банктерге және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға жіберсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Е.Т. Жанкелдинге жүктелсін.

Ұлттық Банк
Төрағасы

Келісілген: Қазақстан Республикасының Ұлттық
Қазақстан Республикасының Банкі Басқармасының 2001 жылғы
Мемлекеттік кіріс министрлігі 3 қыркүйектегі N 328 қаулысымен
28 қыркүйек 2001 ж. бекітілген

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының
2000 жылғы 24 тамыздағы N 331 қаулысымен бекітілген
Қазақстан Республикасында төлем карточкаларын шығару және
пайдалану ережесіне өзгерістер мен толықтырулар

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасында төлем карточкаларын шығару және пайдалану ережесін бекіту туралы" 2000 жылғы 24 тамыздағы N 331 V001260_ қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында төлем карточкаларын шығару және пайдалану ережесіне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 3-тармақ мынадай редакциядағы 22-1)-тармақшасымен толықтырылсын:

"22-1) банкомат - төлем карточкаларын ұстаушыларға қолма-қол ақшаны алуға және төлем карточкаларын пайдалана отырып банктің басқа да қызметін пайдалануға мүмкіндік беретін электронды-механикалық құрылғы".

2. 20-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"20. Заңды тұлғаның - Қазақстан Республикасы резидентінің карт-есепшотқа/ карт-есепшоттан (бұдан әрі - заңды тұлғаның карт-есепшоты) шетел валютасындағы ақшаны есептеуге/алуға тек қана Қазақстан Республикасынан тыс іссапар және өкілдік шығыстарды жүзеге асыру және резидент еместерге жалақы төлеу мақсатында рұқсат етіледі. Сонымен бірге заңды тұлғаның карт-есепшотына шетел валютасындағы ақшаны есептеуге оның корпоративті төлем карточкасын пайдалану кезінде туындаған берешегін өтеу мақсатында р ұ қ с а т е т і л е д і . "

3. 21-тармақтағы "корпоративті төлем карточкасын ұстаушыны Қазақстан Республикасынан тыс іссапарға жіберу туралы бұйрықты және өзге де растайтын құжаттарды" деген сөздер "корпоративті төлем карточкасын ұстаушыны Қазақстан Республикасынан тыс іссапарға жіберу туралы бұйрықты және өзге де растайтын құжаттарды немесе резидент еместерге жалақының төленгенін растайтын құжаттарды, немесе корпоративті төлем карточкасын пайдалану кезінде туындаған берешектің болуын растайтын құжаттарды" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н .

4. 34-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"34. Ұстаушы төлем карточкасын тауарды, қызметті сатып алу, сондай-ақ қолма-қол ақша алу, валюта айырбастау және оның эмитенті белгілеген Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін талаптарда басқа да операциялар кезінде төлем жасау мақсатында қолданады.

Төлем карточкаларын пайдалана отырып төлем жасау тауар және қызметті сатып алу кезінде төлем карточкасын немесе оның деректемелерін пайдалана отырып төлем құжатын жасау арқылы жүзеге асырылады."

5. Мынадай редакциядағы 35-1-тармақпен толықтырылсын:

"35-1. Төлем карточкаларын пайдалана отырып шетел валютасымен қолма-қол ақша беруге банкоматтарды пайдаланбай уәкілетті банктерде, олардың филиалдарында және есеп айырысу-касса бөлімдерінде ғана рұқсат етіледі.

Төлем карточкаларын пайдалана отырып банкоматтар арқылы шетел валютасымен қолма-қол ақша алу тек қана халықаралық қатынасқа ашылған әуежайлардың, порттардың және шекара асуларының кеден бақылауы аймағында жүзеге асырылады."

6. 42-тармақтағы "немесе айырбастау пунктінің" деген сөздер алынып

тасталсын.

7. 71-тармақтың бірінші сөйлемі мынадай мазмұндағы сөйлеммен ауыстырылсын:

"Банк Ұлттық Банкке өзі шығарған және қызмет көрсеткен төлем карточкалары туралы мәліметтерді ұсынады."

Төраға

Мамандар:

Омарбекова А.Т.

Қасымбеков Б.А.